

Жеке тұлғаның салық берешегіне байланысты шешімдер нысандарын белгілеу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 29 қыркүйектегі № 541 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 30 қыркүйекте № 36968 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 01.01.2026 ж. бастап қолданысқа енгізіледі

Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 49-бабы 4-тармағына, 83-бабы 1-тармағының 8) тармақшасына және 190-бабы 2 және 4-тармақтарына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) жеке тұлғалардың салық берешегін өтеу туралы хабарламаның нысаны осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес бекітілсін;

2) жеке тұлғаның берешегін өндіріп алу туралы салық бұйрығының нысаны осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес бекітілсін;

3) жеке тұлғаның берешегін өндіріп алу туралы салық бұйрығын жою туралы бұйрығының нысаны осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастыру;

3) осы бұйрық Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға тиіс.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

М. Такиев

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
2025 жылғы 29 қыркүйектегі
№ 541 бұйрығына 1 қосымша
Нысан

Жеке тұлғалардың салық берешегі туралы хабарлама

20 __ жылғы " __ " _____ № _____

Қазақстан Республикасының Салық кодексінің (бұдан әрі – Салық кодексі) 83-бабы 1-тармағының 8) тармақшасына сәйкес

(мемлекеттік кірістер органының атауы)

Сізге Хабарлайды _____

(тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе)

(бұдан әрі – тегі, аты және әкесінің аты) немесе төлеушінің толық атауы)

(жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН), заңды мекен жайы)

сіз келесі салық түрлері бойынша салық берешегінің сомасы өтелмегенін хабарлайды:

теңге

№	Төлемнің атауы	Бюджеттік сыныптама коды (БСК)	Төлемнің сомасы (төлем мақсатының коды (ТМК) 911)	Өсімпұл сомасы (төлем мақсатының коды (ТМК) 912)
1				
2				

Аталған салық берешегін өтеу үшін қажетті банк деректері:

Бенефициар атауы: _____

(мемлекеттік кірістер органының атауы)

Бенефициар Бизнес – сәйкестендіру нөмірі (БСН): _____

Бенефициар банкі: _____

Бенефициар Банкінің сәйкестендіру коды (БСК): _____

Салық кодексінің 190-бабының 1 және 2-тармақтарына сәйкес тиісті қаржы жылында 1 қаңтарда қолданыстағы, 1 - еселенген айлық есептік көрсеткіштен артық мөлшердегі салықтық берешек сомасын төлемеген немесе толық төлемеген жағдайда, жеке тұлғаға салықтық берешек туралы хабарламаны табыс еткен күннен бастап отыз жұмыс күнінің өтуі бойынша мемлекеттік кірістер органы жеке тұлғаның берешегін өндіріп алу туралы салық бұйрығын шығарады.

Салықты және бюджетке төленетін төлемді төлеу мерзімі күнінен кейінгі күннен бастап, бюджетке төлеген күнді қоса алғанда, салықтарды және бюджетке төленетін төлемдерді төлеу бойынша салықтық міндеттемені орындаудың мерзімі өткен әрбір күні үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мерзімі өткен әрбір күнге базалық мөлшерлемесінің 1,25 - еселенген мөлшерінде өсімпұл есептеледі.

Салық кодексінің 199 және 200-баптарына сәйкес Сіз мемлекеттік кірістер органдары лауазымды тұлғаларының әрекетіне (әрекетсіздігіне) жоғары тұрған мемлекеттік кірістер органына немесе сотқа Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен шағымдануына құқығыңыз бар.

Салық кодексінің 199 және 200-бабына сәйкес Сіздің мемлекеттік кірістер органы лауазымды адамдарының әрекетіне (әрекетсіздігіне) жоғары тұрған мемлекеттік кірістер органына немесе сотқа Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен шағымдануға құқығыңыз бар.

Мемлекеттік кірістер органның басшысы _____

(тегі, аты және әкесінің аты, қолы, мемлекеттік кірістер органының мөрі)

Хабарламаны алды _____

(тегі, аты және әкесінің аты, қолы, күні)

Хабарлама төлеушіге табыс етілді

(мемлекеттік кірістер органы лауазымды тұлғасының адамының тегі, аты, әкесінің аты, қолы, күні)

Хабарлама төлеушіге жіберілді

(жіберу және (немесе) алу фактісін растайтын құжат)

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
2025 жылғы 29 қыркүйектегі
№ 541 бұйрығына 2 қосымша
Нысан

Жеке тұлғадан берешегін өндіріп алу туралы салық бұйрығы

20__ жылғы " __ " _____ № _____

Қазақстан Республикасының Салық кодексінің (бұдан әрі – Салық кодексі) 190-бабына сәйкес

(мемлекеттік кірістер органының атауы)

БҰЙЫРАДЫ:

Өндіріп алу

(тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе)

(бұдан әрі – тегі, аты және әкесінің аты) немесе төлеушінің толық атауы, жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН), заңды мекен жайы)

Салықтың мынадай түрлері бойынша салықтық берешек сомасы өндіріліп алынсын:
теңге

№	Төлемнің атауы	Бюджеттік сыныптама коды (БСК)	Төлемнің сомасы (төлем мақсатының коды (ТМК) 911)	Өсімпұл сомасы (төлем мақсатының коды (ТМК) 912)

1				
2				

Салық кодексінің 83 бабы 2-тармағына сәйкес салық төлеушіге 20_ жыл "___" _____
(хабарлама тапсырылған күні) жеке тұлғаның салық берешегін өтеу туралы хабарлама

табыс етілді 20_ жыл "___" _____ № ____ (хабарламаның күні және нөмірі).

Салық кодексінің 190-бабының 3-тармағына сәйкес жеке тұлға салық бұйрығын орындамаған кезде салық органы Қазақстан Республикасының атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы "Атқарушылық іс жүргізу және атқарушылық іс жүргізу туралы" заңнамасында айқындалған тәртіппен мәжбүрлеп орындату үшін салық бұйрығын аумақтылығы бойынша тиісті әділет органдарына не жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасына жібереді.

Салық кодексінің 199 және 200-бабына сәйкес салық төлеушінің немесе оның уәкілетті өкілінің мемлекеттік кірістер органы лауазымды адамдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) жоғары тұрған мемлекеттік кірістер органына немесе сотқа Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен шағымдануға құқығы бар.

Мемлекеттік кірістер органның басшысы

(тегі, аты және әкесінің аты, қолы, мемлекеттік кірістер органының мөрі)

Жеке тұлғаның берешегін өндіріп алу туралы салық бұйрығын алды

(салық төлеушінің тегі, аты және әкесінің аты, қолы, күні)

(орындау өндірісі органының лауазымды тұлғасы тегі, аты, әкесінің аты қолы, күні)

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
2025 жылғы 29 қыркүйектегі
№ 541 бұйрығына 2 қосымша
Нысан

Жеке тұлғаның берешегін өндіріп алу салық бұйрығының күшін жою туралы бұйрығы

20_ жылғы "___" _____ № ____

Қазақстан Республикасының Салық кодексінің (бұдан әрі – Салық кодексі)
190-бабына сәйкес

(мемлекеттік кірістер органының атауы)

Байланысты

(жеке тұлғаның берешегін өндіріп алу туралы салық бұйрығының күшін жою себебін көрсету)

жеке тұлғаның берешегін өндіріп алу туралы салық бұйрығының күшін жояды
20__ жылғы " __ " _____ № _____

(тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе)
(бұдан әрі – тегі, аты және әкесінің аты) немесе төлеушінің толық атауы, жеке
сәйкестендіру нөмірі (ЖСН), заңды мекен жайы)

Мемлекеттік кірістер органның басшысы

(тегі, аты және әкесінің аты, қолы, мемлекеттік кірістер органының мөрі)
Жеке тұлғаның берешегін өндіріп алу бұйрығының күшін жою туралы салық
бұйрығын алды:

(тегі, аты және әкесінің аты, қолы, күні)

(атқарушылық іс жүргізу органы лауазымды адамының тегі, аты, әкесінің аты, қолы
, күні)